

«Мағжан Жұмабаев атындағы IT- лицей» КММ

Психологиялық тренинг

Тақырыбы: «Көркем мінез – баға жетпес байлық»

(10-11 сынып қызбалаларына арналған)

**Петропавл қаласы
2023-2024 оқу жылы**

Тақырыбы: «Көркем мінез – баға жетпес байлық»

Күні: 22 қараша 2023 жыл

Сынып: 10-11 сынып қыздары

Мазмұны: Дағдарыс жағдайындағы мінез-құлықтың алгоритмдері мен өнімді тәсілдері.

Мақсаты: қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеті: қыздардың бойында қызға тән бейне және қызға тән мінез – құлық, әдеп ережелері туралы ұғым қалыптастыру;

Тәрбиелеу: қыз балалардың санасы қызға тән мінез – құлық, жүріс – тұрыс сипаттарына баулу;

Дамыту: қыз балалардың өзін – өзі тәрбиелеу, өз-өзіне жауапкершілікпен қарау мүмкіндігін дамыту.

Сабақтың әдісі: психологиялық жаттығулар.

Жүру барысы:

«Амандасу» жаттығуы

Мақсаты:

1. Әрі қарай бірге жұмыс жасау үшін топқа ортақ, жағымды ауа райы (атмосферасын) құру. Қыз балаларға өз бойынан өмірде қолдануға қажетті жағымды қасиеттерін табуға көмектесу. Қатысушыларға ойыншық беріледі. Сағат тілі бойынша әрбір қыз өз – өзін таныстырып, ойыншықты бір – біріне беріп отырады. Таныстыру шарты келесідей: 1) өзінің есімін айтады. 2) өзінің есімінің алғашқы әрпінен басталатын сын есімді атау қажет (бұл сын есім әр адамның өзінің бойындағы сипаты, жағымды қасиеті, мінез – құлқының, жүріс – тұрысының қандай да бір ерекшеліктері болуы мүмкін) қатысушылар бір – біріне демеу бере алады.

Жаттығу: «Хиппи»

Мақсаты: қыздарды кез келген жастар ортасында, ағымында болған жағдайда да өздерінің әлеуметтік ортаның нормасына сәйкес қыз бала бейнесін сақтап қалуға көмектесу. Ортаға ойыншық беріледі. Әрбір қатысушы кезекпен кезек ойыншықты бір – біріне бере отырып өздерінің «хиппи» ура деп дауыстап айтады.

« Мен басқаның көзімен»

Ортаға бірнеше оқушылар шығып бір адамды таңдап сол адамның бойындағы мінезін айтады.

Қыздарға кеңес

Қай кезде де түзу болсын сәлемін
Қадір тұтар сонда сені бар елің
Білімді бол ісмерлікке бейімді
Өміріңе керек болар кейінгі.
Жан болмасаң жасыңда әдеп көрмеген,
Үлкен жолын кесіп өтпе көлденен.
Шектен шығып, сәнқойлыққа ұрынба,
Бетті бояп, қайшы салма бұрымға.
Ұятты бол, сақта арыңды жасыңнан
Сонда ғана бақ кетпейді басыңнан,
Қума босқа мақтан менен желікті,
Қыз дегенің қылығымен көрікті.
Ісің бітпей әңгіме айтпа көпіріп,
Содан шығар өсекпенен өтірік.
Түн ұйқысын төртке бөлген сен үшін
Ата – анаңды сыйлап өту борышың.
Биязылық сенен тапсын жарасым,
Сақта есіңе, сен болашақ анасың.
Жастан үйрен ұлттық әдеп – ғұрыпқа,
Қазақ қызы екеніңді ұмытпа!

«Сенімен қарым – қатынас жасаған ұнайды» тренингі

Қатысушылар ортаға шығып кез – келген бір оқушыға қарап ол адаммен не себептен қарым – қатынас жасаған ұнайтының айтады. Соңында талдау жүреді.

Хаттама

Тақырыбы: «Көркем мінез – баға жетпес байлық»

Мақсаты: қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез-құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Контингент: 10-11 сыныптың қыз балалары

Өткізілген күні: 22.11.2023

Жүру барысы: тренинг барысында жаңадан келген оқушылармен жақсы қарым – қатынас орнату әрі қарай бірге жұмыс жасау үшін топқа ортақ, жағымды ауа райы (атмосферасын) құру. Қыз балаларға өз бойынан өмірді қолдануға қажетті жағымды қасиеттерін табуға көмектесу мақсатында «Амандасу» тренингі өткізілді. «Хиппи» тренингі кезінде, «Мен басқаның көзімен» тренингі кезінде оқушылар бір қызды таңдап сол қыздың бойындағы мінезін айтады. Қыздарға кеңес тақырыбында өлең жолымен кестер берілді. Әр жолға тоқталып талдау жасалды. «Сенімен қарым – қатынас жасаған ұнайды» тренингі барысында қатысушылар ортаға шығып кез – келген бір оқушыға қарап ол адаммен не себептен қарым – қатынас жасаған ұнайтының айтты. Бұл тренингте оқушылар бір бірімен жақсы қарым – қатынаста болғандарын айтып, жанындағы дос қыздарының мінездерін білді. Қыздар тренингке белсене қатысып жақсы әсер алғандарымен бөлісті. Тренинг қыздардың көңіл – күйлерін көтерді. Әр оқушы бойында сенімділік. Пайда болды.